

# "ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

## Б А С П А С Ө З - Х А Б А Р Л А М А С Ы

Алматы қ

2014 жылдың 25 қыркүйегі

### **Қазақстан қор биржасында қазақстандық теңге / қытай юані валюталық жұбымен сауда-саттықтың салтанатты ашылу рәсімі өтті**

2014 жылдың 25 қыркүйегінде астана уақытымен сағат 10.15-те Қазақстан қор биржасында (KASE) қазақстандық теңге / қытай юані валюталық жұбымен сауда-саттықтың салтанатты ашылу рәсімі өтті.

Іс-шара Алматы қаласында 2014 жылдың 24 және 25 қыркүйегінде өткен Қаржы ынтымақтастығы бойынша қазақ-қытай қосалқы комитетінің мәжілісі аясында өтті.

Салтанатты ашылу рәсіміне қатысқандар:

- Биржадан  
Президент М.Р.Қабашев  
Бірінші Вице-президент И.М.Сәбитов  
Вице-президент Н.Ю.Хорошевская  
Вице-президент А.Ю.Цалюк
- Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі  
Төраға орынбасары Д.Т.Галиева  
Төраға кеңесшісі А.М.Баймағамбетов  
Халықаралық қатынастар және бұқармен байланыс департаменті директорының орынбасары Н.С. Дүтбаев
- Қытай Халық Банкінен  
Төраға көмекшісі (Қаржы ынтымақтастығы бойынша қазақ-қытай қосалқы комитетінің қосалқы төрағасы) Ms. Jin Qi (Цзинь Ци)
- осы құрал бойынша маркет-мейкерлерден іс-шараға қатысқандар  
"Қазақстандағы Қытай Банкі" Еншілес Банкі АҚ Басқарма төрағасы Тянь Вэй  
"Сбербанк России" Еншілес Банкі АҚ Басқарма төрағасының орынбасары Л.А.Нұрмұхамбетова

Аталмыш ұйымдардың басқа да өкілдері қатысты.

Биржада юанмен сауда-саттық ашылуы Қаржы ынтымақтастығы бойынша қазақ-қытай қосалқы комитетінің ұсынысын ескере отырып, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі мен Биржаның бастамасымен жасалған жұмыстың жемісі болып табылады. Қытай мен Қазақстан арасында товар айналымының үздіксіз өсуіне байланысты теңге/юань айырбастау биржалық тетігін енгізу қажеттілігі туды. Қазақстан мен Қытай сауда-саттығының көлемін арттырудағы маңызды фактор болып табылатын, қытай юанімен сауда-саттықты іске қосу арқылы өзара айырбастауды жеңілдетуді Биржа көздеп отыр.

Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі Төрағасының орынбасары Д.Т. Галиева өзінің алғысөзінде атап айтқандай: "Сауда-саттықты іске қосу – қазақстан-қытай арасындағы қарым-қатынастарын нығайту жолындағы маңызды қадам болып табылады. Бұл адамдардың өмірін жеңілдетудің бірден бір тетігі болып табылады: екі елдің арасындағы компаниялар арасында

сауда-саттық операцияларындағы шығындарды қысқартуға, сондай-ақ, экономикамыздың арасындағы қаржылық байланыстарды нығайтуға мүмкіндік береді. Болашағы бар қаржы құралын нарыққа қатысушылар дұрыс қабылдады".

Юанмен сауда-саттықты іске қосуға дайындық барысында валюталық нарық мүшелері – қазақстандық банктер арасында олардың жаңа құралға мүдделілігін және жоспарланған биржалық сауда-саттыққа қатысуға ниетін анықтау мақсатында сауал жүргізілді. Сауал қорытындысы бойынша сауалға қатысқандардың көпшілігі сауда-саттыққа қатысуды көздеп отырғанын көрсетті. "Қазақстандағы Қытай Банкі" Еншілес Банкі АҚ қытай юані бойынша маркет-мейкер болуға және тиісті биржалық сауда-саттықты іске қосуға даярлыққа белсене қатысуға дайын екенін бсында бірден білдірді.

Қытай юанімен сауда-саттықта маркет-мейкер ретінде "Сбербанк России" Еншілес Банкі АҚ қатысады.

"Біздің маркет-мейкерлеріміз отандық нарықтың дамуына, сондай-ақ қаржы құралдарына қолдау көрсетіп жатқанынан қуаныштымыз. Кәсіби қауымдастық тарапынан мүдделілік пен өзара әрекет болмаса, жаңа нәрсені жасау мүмкін емес", – деп атап өтті KASE Президенті М.Р. Қабашев – "Құралдарды іске қосудағы маркет-мейкерлердің атқарған маңызды ролін қайта бағалау өте қиын".

Қытай юані / қазақстандық теңге валюталық жұбымен сауда-саттық төмендегі жағдайларда өтеді:

- сауда-саттықтағы қаржы құралының коды – CNYKZT\_TOD;
- лот көлемі – 50 000 CNY;
- баға бірлігі өлшемі – қазақстандық теңге (KZT) бір CNY үшін, үтірден кейінгі төртінші белгіге дейінгі дәлдікпен;
- мәмілелер бойынша есептеулер – мәміле жасалған күні;
- бастапқы кезеңде сауда саттық алдына ала төлем жасау арқылы жүргізіледі.

Салтанатты ашылу KASE сауда-саттығының гонг дыбысы мен қатысушылардың қошаметімен аяқталды.

#### Анықтама ақпарат

KASE Қазақстандағы қаржы нарығына қызмет көрсететін жалғыз биржа болып табылады. Бұл репо нарығы құралдарымен, шет елдік валюталармен, қазақстандық және шет елдік эмитенттердің мемлекеттік және мемлекеттік емес бағалы қағаздарымен, халықаралық қаржы ұйымдарының облигацияларымен сауда-саттықтар жүргізілетін сауда алаңы болып табылады.

KASE Бүкілодақтық биржалар федерациясының (WFE), Еуро-азиялық қор биржаларын федерациясының (FEAS) және Қазақстандағы басқа да ішкі және халықаралық кәсіби бірлестіктердің мүшесі болып табылады, Орта Азиядағы жетекші қаржы нарығы болғандықтан, қаржы орталығы ретінде, оның ішінде исламдық қаржыландыру саласында дамуды көздеп отыр. Қазақстандағы биржаның мақсаты - Орта Азияның барлық аймақтарынан қатысушылар мен әлеуетті эмитенттердің назарын аударуға қабілетті, дамыған әрі белсенді ішкі нарық капиталын қалыптастыру болып табылады.

2014 жылдың 01 қыркүйегінде биржадағы сауда-саттық көлемі 149,2 млрд АҚШ долларына жетті, оның ішінде акциялар нарығында – 175,9 млн АҚШ доллары, биржа нарығы акцияларын капиталдандыру 29,7 млрд АҚШ долларына, корпоративтік облигациялар –34,2 млрд АҚШ долларына бағаланады. Биржа туралы қосымша ақпарат қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде [www.kase.kz](http://www.kase.kz) мекен-жайында берілген.